

**Қазақстан Республикасындағы педагогикалық жасақ мүшелерінің
арасында «Балаларға арналған жүрек» тақырыбында
Республикалық педагогикалық олимпиаданы
қашықтықтан өткізу ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже Қазақстан Республикасындағы педагогикалық жасақ мүшелерінің арасында қашықтықтан өтетін «Балаларға арналған жүрек» тақырыбында Республикалық педагогикалық олимпиаданың (бұдан әрі – Педагогикалық олимпиада) мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – каникул кезінде балалардың сауықтырылуын, демалысын және бос уақытын жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру үшін педагогикалық жасақтарды дайындау сапасын арттыру және олардың қызметін белсендіру, Қазақстан Республикасындағы педагогикалық жасақтардың қозғалысын жетілдіру және оларға қолдау көрсету.

Міндеттері:

Тәлімгерлер – педагогикалық оқу орындарының студенттері, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының педагогтерінен құрылған топтардың ең тиімді түрі ретінде Қазақстандағы педагогикалық жасақтардың қозғалысын насихаттау;

балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру түрі ретінде педагогикалық жасақтардың қозғалысына оң көзқарас қалыптастыру;

мемлекеттегі педагогикалық жасақтардың қозғалысына қатысушылардың тұлғалық және кәсіби қабілеттерін дамытуға ықпал ету;

Қазақстандағы оқу орындары мен педагогикалық жасақтардың арасында кәсіби байланысты нығайту және дамыту.

3. Педагогикалық олимпиаданы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы өткізеді.

4. Педагогикалық олимпиаданы ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Педагогикалық олимпиаданы өткізу мерзімі және тәртібі

5. Педагогикалық олимпиада 2014 жылғы 17 қазан - 17 қараша аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта қашықтықтан өткізіледі.

6. Педагогикалық олимпиадаға ұсынылған материалдар олимпиаданың мақсатына, тақырыбы мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

7. Педагогикалық олимпиадаға қатысатын жұмыстар ережеге сәйкес 2014 жылғы 17 қарашаға дейін қабылданады.

8. Байқау жұмыстары 2014 жылғы 17 қарашаға дейін spo.rumcdo@mail.ru электрондық поштаға жіберіледі, сондай-ақ, мына мекен-жай бойынша қабылданады: 010000, Астана қаласы, Сығанақ көшесі 29, «Евроцентр» бизнес орталығы, 8-қабат, № 808 кабинет, «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Анықтама телефондары: 8(7172) 51-69-24 тел/факс, 51-69-34, 8-701-189-66-56, Салбенбекова Салтанат Даулетханқызы.

9. 2014 жылғы 17 қарашадан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

10. Педагогикалық олимпиадаға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды, оған рецензия берілмейді.

11. Педагогикалық олимпиада материалдарының мазмұнына ұйымдастыру комитеті жауапты емес.

12. Педагогикалық олимпиаданың ұйымдастырушылары автордың - қатысушының атын көрсете отырып, жұмысты баспасөзде, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

13. **Педагогикалық олимпиадаға қатысу үшін 3 000 (үш мың) теңге төлемақы төленеді.**

Төлемақыны жүргізу: БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ91856000005068448

БИК КСЖВКЗКХ

БИН 990140004733

Кбе 16.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақы аталуы: «Балаларға арналған жүрек» тақырыбында педагогикалық олимпиадаға қатысу үшін төлемақы. Олимпиада қатысушысының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы түбіртегін сканерден өткізіп, электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

14. Педагогикалық олимпиаданың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау мерзімі - 2014 жылғы 24 қараша.

3. Педагогикалық олимпиадаға қатысушылар және қойылатын талаптар

15. Педагогикалық олимпиадаға Қазақстан Республикасындағы педагогикалық колледждердің, ЖОО-ның үздік педагогикалық жасақтары, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері қатысады.

16. Педагогикалық олимпиада келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Эссе»;

2) «Кішігірім ертегі».

17. Келесі талаптарға сәйкес байқау жұмыстары қабылданады:

«Эссе» номинациясы бойынша қатысушы «Балаларға арналған жүрек» тақырыбында эссе жазуы қажет (эссенің көлемі 1 беттен артық емес, 14-шрифт, жоларалығы - 1). Эсседе қатысушының заманауи тәлімгер бейнесі, оның моральдік және этикалық келбеті, өмірлік ұстанымы жөніндегі жеке көзқарасы көрсетілуі қажет.

Ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.

«Кішігірім ертегі» номинациясы бойынша қатысушы балалардың лагердегі өмірі, олардың қарым-қатынасы туралы кішігірім ертегі жазуы қажет. Формасы: еркін түрде.

18. Жалпы талаптар:

балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайттағы педагогикалық жасақтарға арналған «Жұлдыз» клубының қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желі арқылы) кіруі қажет;

бөтен адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда: қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністерінің суреттері, адамның немесе бір топ адамдардың кез келген түрде қадір-қасиетін кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

19. Бағалау өлшемдері:

мазмұнының өзектілігі және тәжірибелік маңызы;

тақырыптың толық ашылуы;

мазмұнының кративтілігі мен жаңашылдығы;

материалды рәсімдеуде шығармашылық тіл таба білуі.

4. Педагогикалық олимпиаданың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын марапаттау

20. Педагогикалық олимпиаданың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

21. Педагогикалық олимпиаданың жүлделі орындарына ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Қатысушылардың барлығына электрондық пошта арқылы онлайн-сертификаттар және дипломдар жіберіледі.